




ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР
УНИВЕРСИТЕТІ


**ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ
ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 1-бет |

МАЗМҰНЫ

| | | |
|---|---|---|
| 1 | Жалпы ережелер | 2 |
| 2 | Комиссияның негізгі мақсаттары мен міндеттері | 3 |
| 3 | Тәртіптік комиссияның құрамы | 4 |
| 4 | Қызметтік тексеруді өткізу тәртібі | 5 |
| 5 | Тәртіптік комиссия жұмысының тәртібі | 6 |
| 6 | Тәртіптік жазаны тағайындау және оны қайтып алу | 8 |
| 7 | Қорытынды ережелер | 9 |



| | | |
|---|--------------------------------------|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 2-бет |

1 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 Осы Тәртіптік комиссия туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесі Тәртіптік комиссиясының негізгі мақсаттарын, міндеттерін, құрылу тәртібін және өкілеттігін анықтайды, сондай-ақ, Университет қызметкерлерінің еңбек тәртібін, қызметтік этика нормаларын бұзуы жағдайларын қызметтік тексеру шарттарын және осы бұзылулар жағдайында тәртіптік әрекет ету шараларын анықтайды.


1.2 Ереже келесі нормативтік-құқықтық құжаттарға сәйкес әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңына;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" № 410-V Заңына;
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрінің 2023 жылғы 02 қазандағы № 389-НҚ бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің "Қазақ ұлттық өнер университеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің жарғысына.

1.3 Құжатта қолданылатын негізгі терминдер мен анықтамалар 1-кестеде келтірілген.

1-кесте - терминдер мен анықтамалар

| Термин | Анықтама |
|--|--|
| <i>Тәртіптік жауапкершілік (бұдан әрі-жауапкершілік)</i> | қызметкерлердің қызметтік міндеттерін атқару кезінде тәртіптік теріс қылықтар жасағаны үшін заңды жауапкершілік түрі |
| <i>Тәртіптік теріс қылық (бұдан әрі теріс қылық)</i> | қызметкерлердің өздеріне жүктелген міндеттерді құқыққа қайшы, кінәлі орындамауы немесе тиісінше орындамауы, лауазымдық өкілеттіктерін асыра пайдалануы, еңбек тәртібі мен қызметтік әдепті бұзуы |
| <i>Мүдделер қақтығысы</i> | лауазымды адамдардың жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, онда лауазымды адамдардың жеке мүдделері олардың лауазымдық өкілеттіктерін тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін |
| <i>Жақын туыстар</i> | жұбайы, ата-анасы, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандары, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, |

| | | |
|---|--|------------------------|
|  КАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 3-бет |

| | |
|--|---|
| | немерелері, сондай-ақ жекжаттары-жұбайының аға-інілері, апа-сіңлілері, ата-аналары мен балалары |
| <i>Қызметтік тергеу</i> | Қызметкердің мән-жайларын толық, жан-жақты және объективті анықтау мақсатында оның теріс қылығы туралы материалдар мен мәліметтерді жинау және тексеру жөніндегі қызмет |
| <i>Тәртіптік жаза (бұдан әрі-жаза)</i> | қызметкерлердің теріс қылық жасағаны үшін Университет ректоры қоятын жауапкершілік шарасы |

1.4 Университеттің тәртіптік комиссиясы (бұдан әрі – Комиссия) – теріс қылық жасалуының мән-жайын жан-жақты, толық және әділ анықтау және Университет ректорына тәртіптік жаза жөніндегі ұсыныс беру мақсатында теріс қылыққа қатысты қызметтік тексеру материалдарын қарастыруға және фактілерді зерттеуге арналған тұрақты алқалы орган.

2 КОМИССИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

2.1 Тәртіптік комиссияның негізгі мақсаты - Университет қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының заңнамасын, ішкі тәртіп қағидаларын және қызметтік этика нормаларын қадағалауын қамтамасыз ету, мүдделер қақтығысын шешу саясаты сондай-ақ, теріс қылық жасалуының мән-жайын анықтау және тәртіптік жаза жөнінде әділ шешім шығару үшін қызметтік тексеру материалдарын қарастыру, фактілерді зерттеу.

2.2 Тәртіптік комиссия өзінің қызметінің мақсатына қол жеткізуде келесі негізгі міндеттерді орындайды:


- Университет қызметкерлерінің ішкі тәртіп пен қызметтік этика қағидаларын, мүдделер қақтығысын шешу саясатын сақтауын бақылау;
- Тәртіптік комиссияға тағайындалған өкілеттіктер негізінде шараларды, оның ішінде, Университет қызметкерлерінің өздерінің қызметтік міндеттерін орындауды қамтамасыз ететін тәртіптік әрекет шараларын қабылдау.

2.3 Тәртіптік комиссия істерді қарайды:

- құрылымдық бөлімшелер басшыларының қызметтік жазбасы негізінде;
- Университеттің қауіпсіздік қызметі бөлімі қызметкерінің тәртіптік теріс қылықтарына қызметтік тергеу жүргізгеннен кейін.

2.4 Қарастырлатын істер келесідей болуы мүмкін:

- Университеттің ішкі нормативтік құжаттары талаптарының бұзылуы туралы;

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 4-бет |

- қабылданған қызметтік этика нормаларын, мүдделер қақтығысын шешу саясатын бұзу туралы;
- ұдайы кешігуі және жұмыс орнында дәлелді себепсіз болмауы туралы;
- жұмыс немесе оқу орнына мас күйінде келуі, оның ішінде, Университет аумағында жұмыс уақытында спирттік ішімдіктер ішу, белгіленбеген орындарда темекі шегу;
- қызметтегі сыбайлас жемқорлық туралы;
- тәртіптік сипаттағы шараларды қолдануды талап ететін басқа істер.

3 ТӘРТІПТІК КОМИССИЯНЫҢ ҚҰРАМЫ

3.1 Тәртіптік комиссия Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларынан және міндетті түрде қауіпсіздік қызметі, құқықтық қамтамасыз ету және мамандармен жұмыс бойынша бөлімдердің басшыларынан құралған 9 мүшеден тұрады.

Комиссияның дербес құрамы Университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

3.2 Комиссияны басқаруды және оның қызметін ұйымдастыруды Комиссия төрағасы іске асырады.

3.3 Комиссия хатшысы – мамандармен жұмыс бойынша бөлімнің өкілі. Комиссия хатшысы Комиссия мүшелерінің құрамына кірмейді.


3.4 Комиссия Төрағасы:

- Комиссия жиналыстарын шақырады және оларда төрағалық етеді;
- Комиссия жиналыстарында мәселелерді талқылауды, сондай-ақ, жиналысқа қатысу үшін шақырылған тұлғалардың пікірін тыңдауды ұйымдастырады;
- жүктелген қызметтерді орындау барысында Комиссия бекіткен құжаттарға қол қояды.

3.5 Комиссия хатшысы төмендегідей қызмет атқарады:

- Комиссия жиналысының күн тәртібін құрады, оны төрағамен нақтылайды және Комиссия мүшелеріне жіберуді іске асырады;
- Қажеттілігіне қарай, жиналыста қарастырылатын істі қызметтік тексеру бойынша материалдарды Комиссия мүшелеріне жібереді;
- Тәртіптік комиссияға шақырылған тұлғаны хабардар етеді;
- Комиссия жиналысының хаттамасын жүргізеді.

3.6 Тәртіптік комиссияның жиналыстары қажеттілігіне қарай өткізіледі.

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 5-бет |

3.7 Комиссияның ұсыныстары мен шешімдері Комиссияның төрағасы мен хатшысы қол қойған хаттамамен рәсімделеді. Тәртіптік комиссияның барлық құжаттары мамандармен жұмыс бойынша бөлімде сақталады.

3.8 Комиссияның шешім қабылдауы Комиссияның қатысқан мүшелерінің ашық дауыс беруі арқылы іске асырылады. Комиссия мүшелері өздерінің пікірлерін анық білдіруге және дауыс беру кезінде қалыс қалмауға міндетті. Дауыстар саны тең түскен жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші саналады.

3.9 Комиссия мүшелерінің жартысынан астамы қатысқан жағдайда Комиссияның шешімі заңды саналады.

4 ҚЫЗМЕТТІК ТЕКСЕРУДІ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

4.1 Қызметтік тексеру Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады және теріс қылық жасалған немесе анықталған күннен бастап он бес күннен кешіктірілмей өткізілуі тиіс. Қызметтік тексеруді Университет ректорының бұйрығынсыз өткізуге рұқсат етілмейді.

4.2 Білім алушылардың, азаматтар мен қызметкерлердің шағымдары; Университеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының баяндамалары, сондай-ақ, Университет қызметкерлерінің арасындағы тараптардың ымыраға келуімен шешілмейтін даулы жағдайлар қызметтік тексеру үшін негіздеме болады.


4.3 Қызметтік тексеру қызметкердің жасаған теріс қылығының мән-жайын анықтау мақсатында осыған қатысты материалдар мен мәліметтерді жинауды және тексеруді білдіреді.

4.4 Қызметтік тексеру, сондай-ақ, қызметтік тексеру бойынша барлық құжаттар мен материалдарды құқықтық сараптамадан өткізу Университет қауіпсіздігі қызметі бөліміне жүктеледі.

4.5 Қызметтік тексеру барысында қауіпсіздік қызметі бөлімі қызметкерден ол жасаған теріс қылықтың мән-жайы туралы жазбаша түсініктеме алуға, тәртіптік теріс-қылық жасалуының мән-жайына қатысты барлық материалдар мен мәліметтерді жан-жақты және толығымен қарастыруға міндетті.

Аталған түсініктемені қызметкер екі жұмыс күн ішінде беруден бас тартқан жағдайда сәйкес акт жасалады. Актіге қауіпсіздік қызметі мен мамандармен жұмыс бөлімдерінің басшылары, сондай-ақ, аталған қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды.

4.6 Қауіпсіздік қызметі бөлімі істің мән-жайын зерттеп, сәйкес дәлелді қорытындымен материалдарды Комиссияның қарастыруына беруі тиіс.

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 6-бет |

5 ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ЖҰМЫСЫНЫҢ ТӘРТІБІ

5.1 Комиссия қызметтік тексеру материалдарын қарастырады және тәртіптік теріс мінез-құлыққа қатысты фактілерді зерттейді. Комиссия оған қатысты қызметтік тексеру өткізілген қызметкердің түсініктемесін және қауіпсіздік қызметі бөлімінің өкілдерін тыңдауы тиіс. Сондай-ақ, куәларды тыңдауға және теріс қылыққа қатысты кез келген фактілерді зерттеуге құқықты.

5.2 Комиссия қызметкерді тәртіптік жауапкершілікке тартуға негіздеме болатын барлық мән-жайларды және себептерді анықтауы тиіс.

5.3 Қызметтік тексеру барысында қызметкер жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда Комиссия тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерден жазбаша түсініктеме беруін сұрайды. Аталған түсініктемені қызметкердің қайта бас тартуы жағдайында бұл факт хаттамаға енгізіледі.

5.4 Түсініктеме беруден бас тарту кінәлі қызметкерді тәртіптік жауапкершіліктен босатпайды.

5.5 Тәртіптік жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, жасалған кездегі жағдайға, қызметкердің кінәсінің дәрежесіне сәйкес болуы тиіс, сондай-ақ, қызметкердің Университет қызметіне үлесі ескерілуі қажет.


5.6 Тәртіптік жазаны тағайындауда қызметтік этиканың қағидалары қадағалануы тиіс және қызметкердің жеке басының абыройын кемсітуге жол берілмеуі қажет.

5.7 Тәртіптік жаза түрлері:

- ескерту;
- сөгіс;
- қатаң сөгіс;
- еңбек шартын бұзу (жұмыстан шығару).

5.8 Тәртіптік жаза ретінде жұмыстан шығару келесілер үшін қолданылуы мүмкін:

- қызметкердің өзінің еңбектегі міндеттерін дәлелді себепсіз бұзуы үшін бірнеше рет тәртіптік шара қолданылуы;
- қызметкердің еңбектегі міндеттерін Университет қызметкері атағына кір келтіретіндей бір рет өрескел бұзуы;
- жұмысқа алкогольдік, есірткілік немесе басқа да уытты мастану күйінде келуі;
- қаржылық немесе басқа бопсалау, сыбайлас жемқорлық сипаттағы әрекеттер;
- қызметтік ақпаратты пайдақорлық немесе басқа жеке мақсатта пайдалану;

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 7-бет |

- заңды күшіне енген соттың үкімімен немесе әкімшілік жаза қолдануға өкілетті органның қаулысымен анықталған Университет мүлкін (оның ішінде, ұсағын да) ұрлау, ысырап ету, қасақана жою немесе зақымдау;
- қызметкердің еңбекті қорғау бойынша талаптарды бұзуы ауыр салдарға апарған жағдайда;
- қаржылық немесе тауарлық құнды заттар бойынша тікелей қызмет көрсететін қызметкердің кінәлі іс-қимылы әкімшілік тарапынан сенімді жоғалтуға негіз беретін жағдайда;
- тәрбие қызметін атқаратын қызметкердің осы жұмысты жалғастыруға үйлеспейтін өнегесіз теріс қылық жасауы.

5.9 Жұмыстан шығару түріндегі тәртіптік жаза жүкті әйелдерге қолданылмайды.

5.10 Теріс қылықтың жасалуын растайтын фактілер болған жағдайда Комиссия жазаның орынды екендігі және оның түрі туралы Университет ректорына ұсыныс береді.


5.11 Кадрлармен жұмыс жөніндегі бөлім басшысының немесе құрылымдық бөлімшелер басшыларының жақын туыстар Университетте бірлесіп жұмыс істеу фактісі туралы қызметтік жазбасының негізінде тәртіптік комиссия мүшелері аталған факт "сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" ҚРЗ 14-бабының тікелей қолданысына жататынын: жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол берілмейтінін айқындауға тиіс.

5.12 Тәртіптік комиссия міндетті:

- ықтимал сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау;
- университет басшылығына сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайту жөнінде шаралар қабылдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;
- сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған университет қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуға жол бермеу туралы әңгімелесу өткізу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді ерікті түрде қабылдау туралы жазылым алу.

5.13 Университеттің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер:

- 1) функционалдық міндеттерді орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- 2) жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлескен қызметіне (жұмысына) жол бермеу;

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 8-бет |

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) адамның және оның отбасы мүшелерінің оларды ұсынған адамдардың пайдасына іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін материалдық сыйақы, сыйлықтар немесе қызметтер қабылдауы, егер мұндай іс-әрекеттер қызметтік өкілеттікке кірсе немесе адам өзінің лауазымдық жағдайына байланысты осындай іс-әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін.

6 ТӘРТІПТІК ЖАЗАНЫ ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚАЙТЫП АЛУ

6.1 Университет ректоры Комиссия ұсыныстарының негізінде келесі шешімдерді қабылдайды:

- ұсынылған тәртіптік жазаны тағайындайды;
- материалдарды қосымша қызметтік тексеруге жібереді;
- тәртіптік жазаны тағайындамайды.

6.2 Тәртіптік жаза Университет ректорының бұйрығымен тағайындалады. Тәртіптік жаза туралы бұйрықтар қызметкердің жеке ісіне енгізу арқылы мамандармен жұмыс бөлімімен есепке алынады.

6.3 Тәртіптік жаза орынсыз деп танылған жағдайда Университет ректоры қызметкерге еңбек тәртібін қадағалау қажеттігі туралы ескертумен шектелуі мүмкін.

6.4 Тәртіптік теріс қылықтың әрқайсысы үшін бір ғана тәртіптік жаза қолданылуы мүмкін.


6.5 Тәртіптік жаза қолдану теріс қылық жасаған қызметкерді Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған басқа жауапкершіліктен босатпайды.

6.6 Тәртіптік жаза туралы бұйрық шығарылған күннен бастап үш күн ішінде қызметкер онымен таныстырылуы тиіс.

Қызметкер бұйрыққа қол қоюдан бас тартса, бұл жөнінде сәйкес акті жасалады. Актқа құқықтық қамтамасыз ету және мамандармен жұмыс бөлімдерінің басшылары, сондай-ақ, аталған қызметкер жұмыс істейтін құрылымдық бөлімшенің басшысы қол қояды.

Бұл ретте бұйрықпен танысу фактісін куәландырудан қызметкердің бас тартуынан тәртіптік жаза қолданудың шынайылығы өзгермейді.

6.7 Тәртіптік жаза туралы бұйрық шыққаннан кейін алты ай өткенде қолданылған жаза өзінен-өзі қайтып алынады.

| | | |
|--|--|------------------------|
|  ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ | «Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ | 3-нұсқа: 30.05.2024 |
| | ТӘРТІПТІК КОМИССИЯ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ | 9-бет |

6.8 Қызметкер қайтадан теріс қылық жасамаған болса және бұл ретте өзін адал ниетті қызметкер ретінде көрсетсе, Университет ректоры қолданылған шараны мерзімінен бұрын (алты ай өткенге дейін) қайтып алуы мүмкін.

6.9 Қызметкердің лауазымдық міндеттерін тоқтату күніне дейін қайтып алынбаған жаза осы міндеттер тоқтаған күннен бастап қайтып алынған болып саналады.

7 ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

7.1 Осы Ереже бекітілген күнінен бастап күшіне енеді және жаңаға алмастырғанға дейін әрекет етеді.

7.2 Ережеге өзгертулер мен толықтыруларды Университеттің бөлімшелерінің ұсынулары негізінде Ғылыми кеңес енгізеді.

